

**Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Абай ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 5/3-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылы 17 қазанда № 4693 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы № 22/6-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 28.03.2018 № 22/6-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Абай ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салықтарының мөлшерлемелері 10 (он) есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*А. Мұқатаев  
Е. Лдибаев*